

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

¹ Шакарим Н.Ш., п.ғ.к., оқытушы- дәріскер² Бокенова Г.Ж., оқытушы¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.² №22 орта мектебі, Талдықорған қ.

Алтын анам, Отаным,
 Сенен аяр жаным жоқ
 Сенен іркер күнім жоқ, - деп
 ер қайратыңа мін-дағы, өрге бас.
 М.Әуезов

Ұсынылған мақалада қоғамдағы патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін-адам болуымыз үшін, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін қажет екенін айқындайды.

Тірек сөздер: патриотизм, студент, президент, стратегия, ұлттық рух, қасиет, қазақ халқы, ұлттық тәрбие, интернационализм.

Представленная статья отражает патриотическое воспитание в обществе, национальную честь, национальное самосознание и духовное богатство. Таким образом, если мы говорим о духовном богатстве, в первую очередь, о нашем языке, нашей религии, наших традициях, то язык необходим, чтобы мы были казахами, чтобы мы были религией-людьми, чтобы традиции были нацией.

Ключевые слова: патриотизм, студент, президент, стратегия, национальный дух, добродетель, казахский народ, национальное образование, интернационализм.

The presented article reflects the patriotic upbringing in society, national honor, national self-awareness and spiritual wealth. Thus, if we speak of spiritual wealth, first of all, about our language, our religions, our traditions, then the language is necessary, so that we were Kazakhs, so that we were religions-people, so-called traditions.

Key words: patriotism, student, president, strategy, national spirit, benefactor, Kazakh people, national education, internationalism.

Біздер, ғасырлар бойы армандаған егемендігіне қол жеткізіп отырған Қазақстан Республикасының өкілдері, сол өткен ғасырдан мұра боп жеткен жетістіктерімізді байыта отырып, өз ұлттық үрдісімізді де еселеп дамыту үшін экономиканы өркендетумен бірге ұлт-аралық татулықты да сақтау мәселесіне мән беруіміз қажет. Қазақстанның ұлт-аралық саясатының басымдылықтарын, саяси-танымдық мәселелерді шоғырландырып жинақтау, жүйелеу және осы арқылы балалардың бойындағы отаншылдық, отан сүйгіштік сезімдерді нұрландыру мақсатында ерінбей еңбектену керек.

Патриотизм - өз Отанына деген сүйіспеншілік – адамның бойындағы өте терең де күшті сезім. Адам әрқашан туған жерді, оның табиғатын, ана тілін сүйіп келеді. Осыған байланысты алғашқы тәрбиені бала отбасынан қабылдайды. Ол Отанға, елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілікпен бірге, жеке адамның санасындағы біліміне, өскен ортасына қарай дами түсетін сезім. «Отан үшін жан пида» деп майданның алғы шебінде болған, ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ерліктері патриотизм емес деп кім айта алады? Патриотизм халықтың ұлттық қасиеті, парызы, ерекшелігі. Елі бар, жері бар, тілі бар халықта патриотизмнің болуы заңдылық. Қазақстандық патриотизм ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсететін, Қазақстан Республикасының дамуы мен Конституция заңдарының іске асуына негіз болатын идеологиялық бағыт деп түсіндіреді зерттеушілер. Қазақстанда 130-дан астам ұлт бар. Ұлттар қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-

ғұрпын құрметтеп, түсінбесе, олардың ұлттық болмысында сүйіспеншілік, ұғынушылық болмаса, онда ұлттар арасында патриоттық сезім оянуы мүмкін емес. Патриот болудың негізгі төрт түрлі шарты бар. Олар: Отанын, жерін қорғау; өз ұлтының ана тілін ардақтау; ұлттық дәстүрді сақтау; ұлт-аралық интернационализм идеясына адал болу.

Қазіргі уақытта Қазақстандық патриотизмді жастарға қалыптастыру келелі мәселелердің бірі. Кезінде қазақ халқының мемлекеттігі үшін, мемлекетті нығайту үшін, тәуелсіздігіміз үшін жан аямай күрескен хандарымыз, би-сұлтандарымыз, азаттық күрестің қолбасшылар тарихымыздағы атақты қолбасшылары патриотизмнің үлгісін көрсеткенін Елбасы өз еңбектерінде арқау еткен; жат-жұрттық басқыншылармен болған соғыстарда ауыр қырғынға ұшыраған, 30-шы жылдардағы этноцидтің қаһарына қасқайып қарсы тұрған, тоталитарлы ғасырды бастан кешсе де мойымаған ата-бабаларымыз іс жүзінде қазақ ұлтының мүддесін қорғауға тиісті мемлекет құру мүмкіндігін ғасырлар бойы дайындайды. Студент жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу үшін, қазіргі әлемде жүріп жатқан ғаламдану үрдісі қазақстандық патриотизмге кеселін тигізбеу керек; студент жастарды мектеп қабырғасынан бастап мемлекеттік рәміздерге құрметпен, ұлттық сезіммен қарауға тәрбиелеуіміз қажет; шетелдерге жіберген ұл-қыздарымыз туған жерін ұмытып, өміріне қолайлы басқа елдерге ойысып кетпеуі керек. Патриоттық идея – отаншылдық сезім адамға туа біткен қасиет емес. Ол жүре түзілетін, адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриотизм проблемасын зерттеу ісі Отандық тарихымыздың барысы мен бүгінгі өміріміздің тыныс тіршілігі мен қарама-қайшылығымен де байланысты. Патриотизмнің мәні өте күрделі. Бір жағынан, ол ізгілікті саяси үрдіс, яғни жеке тұлғалық, қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім. Патриоттық сезім ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Сол себептен Елбасы өзінің Қазақстан халқына жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды, ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды. Президент стратегиясының түп-қазығы, басты арқауы – адам тағдыры. Бүгінде өзгерген адам, келешек ұрпақ, олардың сапасы – Елбасы назарында. Стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, алғышартының өзі – Қазақстан жастары, оның жоғары сапасы, жасампаздық істерді орындауға мүмкіндігінің жеткіліктілігі және қабілеттілігі. Бұл талап Қазақстан халқына, олардың ерік-жігеріне, күш-қуатына, табандылығына, білімділігіне сенгендіктен туындайды.

Адам таңдап бәрінен ақылды алған,

Ақыл тұрған жеріне иман барған.

Сол иманның соңынан ұят еріп,

Үшеуі бір арнаға орнатылған, - дей отырып, ата-ананың балаға деген ыстық махаббаты, жылы лебізін білдіретін жоғарыдағы сөздер арқылы болашақ ұрпақты көргенді, иманды, саналы етіп тәрбиелеу жолдарын бабаларымыз ежелден қарастырған. Қай заманда болса да адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын, салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізі тәрбиеде. Халқымыз «балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған. Осыған орай ұрпақ тәрбиесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналуда. Қай кезеңде болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, ұлтжанды, мәдениетті, ой-өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу әр қоғамның басты міндеті болып саналғаны анық. Адам баласы тіршілік ету үшін ол үздіксіз еңбектенуі қажет. Ал әр нәрсенің қисынын табу үшін білім, тәжірибе керек. Біздің ата-бабаларымыз табиғаттың тылсым сырын зерттей, зерделей отырып, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра, ақыл-парасат, жүйелі ой-пікірлер қалдырған. Қазіргі кезде бала тәрбиесінің үлгі эталонын өзге елден емес, өз халқымыздың тарихынан, ұлы даламыздан іздесек, жаңылыс баспайтынымыз анық. Біле білсек, ұлттық болмысымыздың демін құрайтын тәрбие негізінде өмірге бейімділік танытатын тұста көп-ақ. Адал мен арамды ажырату, күнә мен сауапты санасына сіңіру, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасау, қиналғанға қол ұшын беру, міне мұны ұлттық тәрбиенің қайнар көзі десек те болады. Бүгінгі біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз деп, көп нәрсеге көз жұма қарап, европаша киініп, жүріп-тұруға әуес болып бара жатқанымызды сезбейтін сияқтымыз. Теледидардан көрсетілетін шет елдік фильмдер мен кейбір нәпсі құмарлық туралы ғана жазылатын жекелеген баспалардағы жарияланған материалдар балаларымызды азғындық жолға салары сөзсіз екенін ескере де бермейміз. Ұлы

даламызда өмір сүрген батыр бабаларымыздың ерлік істері мен ақыл-нақыл сөздерін балаларымыздың саналарына сіңіріп, ұлтын қадірлейтін, дінін құрметтейтін, тілін ұмытпайтын, өзге елден тұғыры биік, туы берік Қазақстан азаматтарын тәрбиелеп өсіру ата-ана мен ұстаздар қауымының басты міндеті бола бермек.

Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. Кімде-кім халыққа, оның болашағына сенбесе, өз тағдыры үшін де үрейленеді, өз Отанын жат жұрттықтардың жаулап алуынан қауіптенеді. Отанының патриоты, батыры бола алмайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «патриотизм» дегеніміз – адамның туа біткен биологиялық қасиеті емес, ол әлеуметтік, тарихи қалыптасқан, Отанға деген сүйіспеншілік сезім.

Соңғы жылдары «қазақстандық патриотизм» ұғымына зор мән берілуде. Қазақстандық патриотизм - өзінді республика халқының құрамдас бөлігі ретінде сезіну, ҚР біртұтас Отан ретінде сүйіспеншілік және берілгендік сезімді, халық пен елдің мүддесін қорғайтын, тіпті әскери қорғауды жүзеге асыратын азаматтың парызы мен намысын тәрбиелеу. Патриотизм мен ерліктің мәселелерін тарихи тұрғыда қарастыра отырып қазақстандық патриотизм жаңадан пайда болған құбылыс емес екендігін, оның ертеде пайда болып, өзіне тек республика тәуелсіздігін алған жылдары ғана ерекше назар аударылып отырғанын баса айтуға болады. Ол жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қатыгез күресте, азамат және екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында, желтоқсан оқиғалары кезінде, жаңа, тәуелсіз қоғам дәуірінде дамып жетіледі.

Жалпы патриоттық сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен бастау алатына белгілі. Сондықтан халқымыздың қаһарман, батыр ұлы Б.Момышұлы мен жазушы Ә.Нұршайықов, Л.Ахметова, т.б. пікірлеріне сүйене отырып отбасында патриотизмге тәрбиелеу ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, шыққан ата тегін білу және халқына сүйіспеншілік, т.б. асыл қасиеттер өсе келе мектепте әрі қарай дамып қалыптасуы тиіс.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М. «Педагогика» Алматы. Рауан, 1993.
2. Құнанбаев А. «Қара сөздер»
3. Мақал-мәтелдер жинағы
4. Айталы А. «Ұлттану». Оқу құралы. Алматы «Арыс», 2000.
5. Елікбаев Н. «Ұлттық психология» Алматы. Қазақ университеті, 1992.
6. «Қазақ даласының ойшылдары» (IX-XII ғғ.) Алматы. Ғылым, 1995.
7. Қалмырзаев Ә. «Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады?» «Егемен Қазақстан» 10 қаңтар 1998.
8. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» Алматы, 1993.
9. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2006.
10. Ғабитов Т, Ж.Мүтәліпов, А. Құлсариева «Мәдениеттану» Алматы «Раритет» 2005.
11. Зәки Ахметов «Атамұра баспасы» 2002.